

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ МЕЖДУНАРОДНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ КОРПОРАЦИЯ

Этика бойынша кеңес туралы ереже

1. Жалпы ережелері

1.1. Этика бойынша кеңес - Халықаралық білім беру корпорациясында (бұдан әрі - ХБК) қызметкерлер мен студенттерге қатысты этикалық нормаларды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау, оның ішінде білім беру процесінде сапаны қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты барлық мәселелерді қарастыру үшін құрылған тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

1.2 Этика бойынша кеңес өзінің қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасын, осы ережені, Қызметкерлердің этика кодексін, Студенттің ар-намыс кодексін және басқа да корпорацияның нормативті құжаттарын басшылыққа алады.

2. Этика бойынша кеңестің мақсаттары мен міндеттері

2.1 ХБК оқытушылары, қызметкерлері және білім алушылардың қызметтері мен қарым-қатынасының кәсіби және адамгершілік этикалық нормаларын қалыптастыру және қолдау;

2.2 Білім беру бірлестік мүшелері арасындағы бір-бірімен жете түсінуін, ынтымақтастығын нығайту;

2.3 Пайда болған егестер мен жанжалдардың дамуына жол бермеу, жағдайды жете түсінуге мүмкіндік туғызатын, іскерлікті сақтау үшін пайда болған барлық қайшылықтарға ымыра шешімдер табу;

2.4. Тұтастық идеологиясын насихаттауға негізделген сыбайлас жемқорлықты абсолютті қабылдамау мәдениетін қалыптастыру.

3. Этика бойынша кеңес төмендегі қызметтерді жүзеге асырады:

3.1 ХБК-да корпоративті ұстанымдар мен ережелерді қалыптастыруға әсерін тигізетін іс-шараларды жүзеге асыруға қатысады және ұйымдастырады;

3.2 Ұжым мүшелері корпоративті мәдениет кодексін сақтауын бақылайды;

3.3 Оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылардың әдепсіз жүріс-тұрысы деректерін қарастырады;

3.4 Өз бетінше және/немесе ХБК-ның басқа да мүшелерімен (лауазымды тұлғалар) бірігіп корпоративті этика ережесін бұзған оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылардың тәртіп бұзу деректері бойынша тексерулер жүргізеді;

3.5 Талқылаудан кейін мәселелерді шешу жолдарын ұсынады;

3.6 ХБК Әкімшілігіне корпоративті мәдениет нормаларын бұзу деректері бойынша нақты оқытушылар, қызметкерлер және білім алушыларға шара қолдануға ұсыныс береді;

3.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастыру;

3.8. Оқу процесінде сапаны қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру, білім алушылардың бітіру жұмыстарының сапасын қоса алғанда.

Положение о Совете по этике

1. Общие положения

1.1 Совет по этике – постоянно действующий коллегиальный орган, создаваемый в Международной образовательной корпорации (далее МОК), для рассмотрения всех вопросов в отношении работников и студентов, касающихся соблюдения этических норм, антикоррупционной культуры, в том числе и при обеспечении качества в образовательном процессе;

1.2 Совет по этике в своей деятельности руководствуется законодательством Республики Казахстан, настоящим положением, Кодексом этики работников, Кодексом чести студента и другими нормативными актами корпорации.

2. Цели и задачи Совета по этике

2.1 Формирование и поддержание морально-этических норм деятельности и общения преподавателей, сотрудников и обучающихся МОК;

2.2 Упрочение сотрудничества, взаимопонимания между членами образовательного сообщества;

2.3 Недопущение развития возникающих споров и конфликтов, поиск компромиссного решения всех возникающих противоречий для сохранения деловой, способствующей взаимопониманию обстановки;

2.4 Формирование культуры абсолютного неприятия коррупции, базирующейся на продвижении идеологии добропорядочности.

3. Совет по этике осуществляет следующие функции:

3.1 Организовывает и участвует в реализации мероприятий, влияющих на формирование в МОК корпоративных принципов и правил;

3.2 Осуществляет контроль за соблюдением членами коллектива кодекса корпоративной культуры;

3.3 Рассматривает факты неэтичного поведения преподавателей, сотрудников и обучающихся;

3.4 Проводит самостоятельно и/или совместно с другими органами (должностными лицами) МОК разбирательства по фактам нарушения преподавателями, сотрудниками и обучающимися правил корпоративной этики;

3.5 Предлагает после обсуждения возникшей ситуации способы разрешения проблемы;

3.6 Дает рекомендации администрации МОК о применении к конкретным преподавателям, сотрудникам и обучающимся мер дисциплинарного воздействия по фактам нарушения норм корпоративной этики;

3.7 Организация работы по противодействию коррупции;

3.8. Организация работы по вопросам обеспечения качества в образовательном процессе, в том числе качества выпускных работ обучающихся.

4. Этика бойынша кеңес құқықтары

4.1 Өз қызметін жүзеге асыру барысында оқытушылардан, қызметкерлерден және білім алушылардың анықтама талап етуге, оның ішінде Кеңестің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша жазбаша түрде тәртіп бұзушылықты жою немесе Кеңес шешімін орындағаны туралы есепті және басқа құжаттарды көрсетуді талап етуге;

4.2 Мәжіліске тәртіп бұзушыны және жәбірленушіні шақыруға;

4.3 Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелері бойынша талаптар мен ұсыныстар енгізуге;

4.4. Этика, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мәселелерін қарастыратын жұмыс топтарын және комиссияларын құруға;

4.5 Докторанттардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, таңдау, өткізу және тарату барысында адамгершілік және этикалық нормалардың сақталуы туралы қорытындылар шығаруға.

5. Этика бойынша кеңес қызметін ұйымдастыру

5.1. Кеңес құрамына ХБК қызметкерлері, оқытушылар мен білім алушылар кіреді;

5.2 Этика бойынша кеңес өз құрамынан төраға мен хатшыны сайлайды;

5.3. Кеңес төрағасы төмендегі қызметті жүзеге асырады:

- Кеңес қызметін басқарады;
- Кеңес мәжілісін дайындайды, шақырады және өткізеді, төрағалық етеді;
- осы ережеге сәйкес ХБК оқытушыларын, қызметкерлерін және білім алушыларын Кеңес қызметі туралы хабардар етеді;

5.4 Этика бойынша кеңес өзінің бекітілген жоспармен жұмыс істейді;

5.5 Этика бойынша кеңестің отырысы тәртіп бойынша тоқсанына бір рет, немесе қажеттілік туындаған кезде шақырылады;

5.6 Этика бойынша кеңес шешімі мәжілісте кемінде оның 2/3 мүшесі қатысқан жағдайда көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Кеңес төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады;

5.7 Этика бойынша кеңес мәжілісі хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға Кеңес төрағасы және хатшысының қолдары қойылады;

5.8 Этика бойынша кеңес мүшелігі тоқтатылады:

- а) Кеңес мүшесінің ынтасымен төраға атына жазылған өтініші негізінде;
- б) оқытушы (қызметкер) жұмыстан босатылған, білім алушы оқудан шыққан жағдайларда;
- г) Кеңес мүшесі уақытша қызметінде болмауынан басқа, кез келген себеп бойынша өз қызметін орындамаған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

4. Совет по этике имеет право

4.1 В рамках осуществления своей деятельности требовать от преподавателей, сотрудников и обучающихся справки, личные объяснения, в том числе письменные, по вопросам, входящим в компетенцию Совета, отчеты и иные документы об устранении нарушений и выполнении решений Совета;

4.2 Приглашать на заседание нарушителей и пострадавших от нарушений кодекса этики;

4.3 Вносить предложения и рекомендации по вопросам этики и противодействия коррупции;

4.4 Создавать рабочие группы и комиссии по рассмотрению вопросов этики, противодействия коррупции, обеспечения качества образовательного процесса;

4.5 Выдавать заключения о соответствии нормам морали и соблюдении этических норм в процессе планирования, оценки, отбора, проведения и распространения результатов научных исследований докторантов.

5. Организация деятельности Совета по этике

5.1 В состав Совета включаются преподаватели, сотрудники и обучающиеся МОК;

5.2 Совет по этике избирает из своего состава председателя и секретаря;

5.3 Председатель Совета осуществляет следующие функции:

- руководит деятельностью Совета;
- готовит, созывает и проводит заседания Совета и председательствует на них;
- информирует в соответствии с настоящим положением преподавателей, сотрудников и обучающихся МОК о деятельности Совета;

5.4 Совет по этике работает по своему утвержденному плану;

5.5 Заседания Совета по этике созывается, как правило, один раз в квартал или по мере необходимости созыва;

5.6 Решения Совета по этике принимаются большинством голосов при наличии на заседании не менее 2/3 ее членов. При равном количестве голосов решающим является голос председателя Совета по этике;

5.7 Заседания Совета по этике оформляются протоколом. Протоколы подписываются председателем и секретарем Совета;

5.8 Членство в Совете по этике может быть прекращено:

- а) по инициативе члена Совета на основании заявления последнего на имя председателя;
- б) в случаях увольнения преподавателя (сотрудника), отчисления обучающегося;
- г) если член Совета прекратил выполнять свои функции по любой причине, кроме временного отсутствия.